

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылдың төртінші тоқсанына арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1943 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 28 қыркүйекте № 29885 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 117-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылдың төртінші тоқсанына арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 26 қыркүйектегі
№ 1943 қаулысына қосымша

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылдың 4 тоқсанына арналған шекті мәндері

--	--	--	--

№	Тауар атауы	Өлшем бірлігі	Төртінші тоқсан (теңге)
1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын)	килограмм	300
2	Бірінші сортты бидай ұны	килограмм	193
3	Қарақұмық жармасы (дән , өлшеніп салынатын)	килограмм	741
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді)	килограмм	177
5	Рожки (өлшеніп салынатын)	килограмм	297
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі)	килограмм	2542
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік)	килограмм	1066
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада	литр	277
9	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада	литр	267
10	Сүзбе: майлылығы 5-9 %	килограмм	1842
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты)	дана	35,1
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ)	килограмм	2495
13	Күнбағыс майы	литр	867
14	Ақ қауданды қырыққабат	килограмм	134
15	Басты пияз	килограмм	81
16	Асханалық сәбіз	килограмм	181
17	Картоп	килограмм	166
18	Ақ қант - құмшекер	килограмм	330
19	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа)	килограмм	45